


# Жиһаз өнеркәсібі бойынша 2020 ж. қаңтар-қарашадағы дайджест



САЛАНЫҢ  
НЕГІЗГІ  
КӨРСЕТКІШТЕРІ



Жиһаз өндірісі көлемінің динамикасы, млрд. теңге





**Түсінік:**

Жиһаз өнімінің өндіріс көлемі 2020 жылғы қаңтар-қарашада 37,5 млрд. теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2019 жылғы тиісті кезеңдегі көрсеткіштен 2,9 млрд. теңгеге жоғары. Алайда, саланың НКИ есепті кезеңде едәуір төмендеді және 86,1% құрады. Ағымдағы жылы Қазақстанда енгізілген, коронавирус инфекциясының таралуымен күреске бағытталған карантин шаралары бұрынғыша саланың өнім өндірісінің төмендеуінің негізгі факторы болып табылады. Карантиндік шектеулер бар сауда бойынша серіктес елдер тарапынан қазақстандық экспорт тауарларға сыртқы сұраныстың қысқаруы қосымша фактор болды. Өндіріс көлемінің төмендеуі, НКИ өсуі 12,0% құраған матрас өндірісін қоспағанда, саланың барлық негізгі өнімдері бойынша байқалады.

**Өңірлер кесінінде жиһаз өндірісінің 2020 ж. қаңтар-қарашадағы көлемі, млн. теңге**

*Жиһаз өндірісінің құндық көріністе ең жоғары көлемі Алматы қ., Алматы, Павлодар және Түркістан облыстарына келеді*



**Жиһаз өнімінің негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-қарашадағы 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғандағы өндіріс көлемі****Түсінік:**

2020 жылғы қаңтар-қарашада заттай көріністе жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз өндірісінің (кереует пен шкафтардан басқа) көлемі 15,2% өсті.


Сонымен қатар, ағымдағы жылғы 11 айда былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда қаңқасы негізінен металл арнайы отыруға арналған жиһаз - 25,8%, ас үй жиһазы - 23,7%, кеңселік ағаш жиһазы - 18,5%, асхана мен қонақ бөлмеге арналған ағаш жиһаз өндірісі көлемінің 5,9% төмендегені байқалады. Коронавирус пандемиясына байланысты елімізде шектеу шараларын енгізу, сондай-ақ, елімізде және көрші мемлекеттерде экономикалық белсенділіктің төмендеуі нәтижесінде жиһаз өніміне сұраныстың азаюы салдарынан кәсіпорындардың мәжбүрлі тоқтап тұруы жиһаз өндірісі көлемінің төмендеуінің негізгі себептері болып табылады.

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

САУДА ЖӘНЕ САТУ  
НАРЫҒЫНЫҢ  
КӨРСЕТКІШТЕРІ



Экспорт, млн. АҚШ долл. \*




Экспорт

Жиһаз өнімі экспортының көлемі 2020 жылғы қаңтар-қазанда 2019 жылдың тиісті кезеңмен салыстырғанда ақшалай көріністе 2 есеге төмендеді және 3,2 млн. АҚШ долл. құрады, ал, заттай көріністе сәйкесінше 1,2 есе және 1,4 мың т. болды. Көрші елдерде коронавирус бойынша карантин шараларын енгізуге байланысты экономикалық белсенділіктің төмендеуі жиһаз өнімі экспорты көлемінің төмендеуінің негізгі факторы болып табылады.

Импорт

Жиһаз өнімі импортының көлемі 2020 жылғы қаңтар-қазанда ақшалай көріністе 2019 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 10,2% төмендеді және 208,6 млн. АҚШ долл. құрады, ал, заттай көріністе - тиісінше 1,4 есе және 98,8 мың т. болды. Импорт көлемінің төмендеуінің негізгі себебі сұраныстың азюы, сондай-ақ, коронавирус бойынша карантин шараларының енгізілуіне байланысты елдегі экономикалық белсенділіктің төмендеуі болып табылады.

Импорт, млн. АҚШ долл. \*



Жиһаз өнеркәсібі өнімінің негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-қазандағы экспорт/импорты

Экспорт	мың АҚШ долл.	тонна	Импорт	мың АҚШ долл.	тонна
Пластмассадан жасалған жиһаз	671	51	Ағаштан жасалған өзге жиһаз	50 071	39 742
Металдан жасалған өзге жиһаз	666	332	Жатын бөлмеге арналған ағаштан жасалған жиһаз	27 870	19 283
Ағаштан жасалған өзге жиһаз	362	160	Отыруға арналған ағаш каркасты қапталған өзге жиһаз	20 185	3 692
Жатын бөлмеге арналған жиһаз	323	372	Металл, ағаш, басқа да материалдардан жасалған жиһаз бөлшектері	17 670	10 213
Отыруға арналған ағаш каркасты қапталған өзге жиһаз	275	203	Металдан жасалған өзге жиһаз	15 525	4 819



## САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



### Алматының алғашқы өнеркәсіптік парктері 760 млн. теңге инвестиция тартты

Алғашқы өнеркәсіптік парктер Наурызбай және Түрксіб аудандарында жұмысын бастады: "Брот Мастер", Ala Estate және Samruk Group. Онда жалпы алаңы шамамен 12 мың шаршы метр өндірістік орынжайлар ашылды. Бұнда құрылыс материалдары, жиһаз, тамақ өнімдері, сусындар, кофе қуыру және галантерея бойынша цех бар. Жобаларды іске асыру үшін шамамен 760 млн. теңге инвестиция тартылды. Сонымен қатар, 340 астам жұмыс орны ашылды", - деді Алматы әкімінің баспасөз қызметінде.

Ағымдағы жылы Алматыда инвесторлар мен өнеркәсіптік парктердің резиденттері үшін бірегей механизм әзірленгендігі атап өтілді. Қалада арнайы комиссия құрылған, оның құрамына фармацевтика, құрылыс, жиһаз, жеңіл өнеркәсіп және тамақ саласындағы қауымдастықтардың, сондай-ақ, кәсіпкерлер форумының 6 мүшесі енді.

Өнеркәсіптік парктер жобасы Almaty Business-2025 бағдарламасы шеңберінде іске асырылуда. Өндірістік орынжайлар ШОБ субъектілеріне жеңілдікті шарттармен ұсынылады: жалдау мөлшерлемесі бойынша шаршы метр үшін 1000 теңгеден 1200 теңгеге дейін. Сонымен қатар, жалға алушыларға мерзімі 7 жылға дейін жылдық 2% жеңілдікті несие алу мүмкіндігі берілді. Сонымен бірге, жобаларды сүйемелдеу - бизнес-жоспар құрудан бастап іске қосуға дейін, сондай-ақ, өнімді әрі қарай нарықта жылжыту бойынша консалтингтік көмек көрсетілуде", - деді әкімдікте.

Дереккөз: [www.kt.kz](http://www.kt.kz)



### Табыс корпусы: жиһаз бизнесінде салыстыра тексерілген тактика керек

Unistyle жиһаз шеберханасының иелері бәсекелестерден қалай ұтылмау және табысқа жету туралы.

Өлшенген қабырғалар километрлері, жүздеген тонна пайдаланылған материалдар, ондаған мың бұралған бұрандалар және **осылардың** нәтижесінде жүзеге асқан көптеген идеялар келді. Бұның артында

нарықта 7 жыл жұмыс істейтін Unistyle жиһаз шеберханасы шеберлерінің командасы тұр. Оның иелерінің бірі Рустам Норматовтың айтуынша осы уақыт ішінде қытай жиһаз өндірушілерімен бәсекелестік, отандық компанияларға деген сенімді жоғалта жаздаған алаяқтармен күрестің не екендігін, теңгенің құнсыздануы және көптеген жағдайларды бастан өткізуге тура келді. Unistyle серіктесі және ортақ иеленуші Роман Ремневпен бірге олар эконом класс жиһаз өндірісінен бастады, енді олар әлеуетті құрылымдардан эксклюзивті тапсырыстар алып жатыр.

- Неге қытай жиһаз компанияларымен бәсекелес болғыңыз келді?

- Рустам: 2010 жылы мен өз кәсібімді бастаған кезде корпустық жиһаз өндіруге арналған жабдықталған орынжай жалдадым, оған жақсы сұраныс болды.

Қытайдан әкелінген жиһаз типті нұсқалар болды, яғни, сіздің қажеттіліктеріңіз бен пәтердің ерекшеліктері бойынша шкаф немесе гарнитурға тапсырыс беру мүмкін болмады. Сәйкесінше, тапсырыс берушілерге жергілікті жиһаз компанияларымен ынтымақтастықта болу тиімдірек болды. Ал 2012 жылы біз Романмен таныстық және компанияны бірге дамыта бастадық.

- Сіздер әрі қарай дамисыздар ғой, әрине?

Роман: Иә, біз бұйымдарды бояуға арналған бояу цехін ашқымыз және ас үй гарнитураларын пленкамен қаптау үшін жарғақшалық саты алғымыз келеді. Біз Түркия, Ресейлік ЛФЖТ және ҰДФ-дан жиһаз, жасанды тастан бұйымдар жасаймыз. Түрік, италия, польша, австрия, неміс фурнитурасын пайдаланамыз.

Рустам: бастапқыда біз мемлекеттік мекемелер, балабақшалар үшін эконом класс жиһаз өндірдік, оларға әрқашан тиімді нұсқалар ұсыну керек. Сосын стандарттарды көтере бастадық, әлеуетті құрылым басшыларының кеңселеріне жиһазға тапсырыстар түсе бастады. Олардың кейбіреуі үйлеріне ас үйге арналған гарнитурлар жасауды өтінді, біз туралы туыстарына айтты және олар да тапсырыстар берді.

Роман: Сондай-ақ, біз дизайнерлермен ынтымақтастықтамыз, мысалы, Мадина Нұрғожина, Black Spot Studio. Оларда дайын дизайн-жобалар бар, біздің міндетіміз техникалық жағын түсіндіру, яғни, нені іске асыруға болады, нені іске асыруға болмайды.

Дереккөз: [www.kapital.kz](http://www.kapital.kz)

## САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ



### **ИКЕА Швецида пор-ур дүкен ашты**

ИКЕА шведтің Эскильстун қ. қолданылған тауарлар дүкенін ашты, бұл туралы корпоративтік баспасөз қызметі хабарлады.

Рор-ур дүкені алдағы алты айға ашылған уақытша сауда нүктесі форматында жұмыс істейді. Бұнда әр түрлі себептер бойынша зақымдалған жиһаз бен аксессуарлар келіп түсетін болады. рор-ур дүкенде оларды жөндеп, сатылымға қояды. Осылайша, компания неге кейбір тауарлар қалдықтар арасында, олар қандай жағдайда, қашан тасталған, неге адамдар оларды тастайды және жөнделген тауарларды сатып алуға қызығушылық бар ма екендігін түсінуге тырысады.

Қолданылған тауарлар Рор-ур дүкені — бұл ИКЕА-ның табысты бизнес-модель әзірлеу бойынша корпоративтік мақсатының бір бөлігі.

*Дереккөз: Lesprom.com*



### **Ресей жиһазын маркетплейстер арқылы белсенді сатау басталды**

Маркетплейстердің жиһаз ассортименті ресей брендтерінің өнімдерімен толықты. Сауда алаңдарына кеңсе және үйге арналған жиһаз өндіруші «Феликс» компаниясы шықты. Бренд бірқатар ірі отандық электрондық платформалармен шарттар жасасты.

Енді онлайн-дүкендерде сатып алушылар шкаф-купе, кеңсе және үйге арналған жиһаз сатып ала алады. Маркетплейс арқылы компания арнайы сериялы тауарларын сатуды да жоспарлап отыр: геймерлік үстелдер және компакт-кеңселер. «Жоғары экономика мектебі» Ұлттық зерттеу университетінің (ЖЭМ ҰЗУ) деректері бойынша 2019 жылы Ресейде тұтыну тауарларын онлайн сату 20% өсті. Нәтижесінде олардың сомалық көлемі 2,06 трлн. рубльді құрады, бұл, онлайн-ретейлді ресей экономикасының қарқынды дамушы салаларының біріне айналдырды.

Пандемияның күрделі шарттары және адамдардың мәжбүрлі түрде қашықтықтан жұмыс жасау режиміне ауысуы осыны дамытуға түрткі болды. Сонымен қатар, Mastercard зерттеу нәтижелері бойынша 2020 жылғы мамырда ресейліктердің 90% жуығы белгілі бөлшек сауда желілерінде онлайн сатып алулар жасағанды ұнататын болып отыр.

Бұл бұған дейін компания интернет арқылы сатумен мүлдем айналыспаған болса да бизнесті, соның ішінде, жиһаз бизнесін, бүкіләлемдік желіге белсенді көшуге мәжбүрледі.

Маркетплейстер көптеген басымдықтарға ие. Жеткізушілердің сауда алаңдарымен қолайлы өзара іс-қимыл жасауы үшін көптеген мүмкіндіктер бар. Егер маркетплейс делдал ретінде болған жағдайда да оның сауда процестеріне әсері аз болуы мүмкін. Барлығы өндіруші/сатушы және платформа арасындағы келісушілікке байланысты.

Жиһаз саласы бұндай мүмкіндіктерді жібере алмады. 2020 жылдың басында шағын және орта бизнеске ынтымақтастық ұсына отырып, алғашқы профильді Hoff жиһаз маркетплейсі іске қосылды. WildBerries, OZON, «Яндекс. Маркет», Goods, «Столплит» сияқты алаңдар жиһаз ассортиментін кеңейтті.

*Дереккөз: mebel-news.pro*

### **Өсу тенденциясы**

2020 жылғы 11 айда «Беллесбумпром» ұйымдары 70 ел нарығына 550,8 млн. АҚШ долларының өнімін жеткізді, бұл, 2019 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда 3,9% артық.

2020 жылы сату нарықтарын әртарапандыру бойынша қабылданған шаралар нәтижесінде алыс шетелдерге экспорт 10,5%-ға 276,4 млн. АҚШ долларына дейін өсті, Еуропалық одақ елдеріне экспорт 2,4%-ға 192,8 млн. АҚШ долларына дейін өсті. Концерн кәсіпорындары үшін ірі нарық болып табылатын Ресей Федерациясына экспорт 2,9%-ға 174,7 млн. АҚШ долларына дейін өсті.

Концерн кәсіпорындары өндірілген өнімнің жалпы көлемінің 76%-ы болатын тауарды экспортқа жеткізді. Бұл кәсіпорынның барлық экспорттық қызметі кезеңіндегі ең жоғары үлес.

Сыртқы нарықтарға концерн кәсіпорындарымен 50 ден аса түрлі өнім жеткізіледі. Экспорт негізінде ағаш тақтайлар, жиһаз, целлюлоза, фанера, қағаз және картон бар.

*Дереккөз: bellesbumprom.by*